

"Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 110 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 1 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 12 ақпанда № 13061 болып тіркелді

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі Заңының 57-бабының 1-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 110 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде (№ 10539 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 сәуірде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

Осы бұйрықпен бекітілген Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізу ережесінде:
7-тармақ келесі мазмұнда жазылсын:

«7. Жылжымайтын мүлікке бұрын туындаған құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) жүйелі тіркеу құқық иеленушілердің өтініші келіп түскен және (немесе) бұрын туындаған құқықтар (құқықтық ауыртпалықтар) туралы шынайы деректер басқа ақпараттық жүйелерден ауыстырылған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.»;

14-тармақ келесі мазмұнда жазылсын:

«14. Бастапқы және кейінгі объектілерге бұрын туындаған құқықтарды есептік тіркеуді жүзеге асыру кезінде құқық иеленушінің жылжымайтын мүлік объектісіне техникалық паспорты ұсынылмайды. Жүйелі тіркеуді жүргізу кезінде мемлекеттік тексеруді техникалық жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша мемлекеттік техникалық есепке алу құзыретіне кіретін «Үкімет - азаматтар үшін» Мемлекеттік корпорациясы өтеусіз жүзеге асырады.».

2. Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамамен белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет

министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрінің міндетін атқарушы З.Баймолдина

К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі
А. Исекешев

2016 жылғы «__» _____

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
Б. Сұлтанов

2016 жылғы «__» _____

«КЕЛІСІЛДІ» «КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика Ұлттық экономика
министрі министрінің міндетін атқарушысы
Е. Досаев М.Құсайынов

2016 жылғы «__» _____

2016 жылғы «__» _____